

## Өмірбаян

Панзабекова Аксана Жакитжановна, 1973 жылы 4 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданы Үлкен Нарын ауылында дүниеге келген. 1979-1989 жылдары В.И.Ленин атындағы Үлкен Нарын орта мектебінде оқыды. Мектепті бітіргеннен кейін 1990 жылдың тамызына дейін Кіші нарым орта мектебінің аға пионер жетекшісі болып жұмыс істеді.

1994 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша бітірген, ал 1996 жылдың маусымында жас маман ретінде ҚР ҰҒА Экономика институтына экономист лауазымына қабылданған. Институтта жұмыс істеген уақыт ішінде аттестаттау нәтижелері бойынша кіші ғылыми қызметкерден лауазымынан бастап (шілде, 1998 ж.), ғылыми қызметкер (ақпан, 2005 ж.), аға ғылыми қызметкер (шілде, 2007 ж.), ұлттық экономика және экономикалық қатынастарды дамыту теориясы бөлімінің меңгерушісі (сәуір, 2010 ж.), халықаралық ынтымақтастық және енгізу жөніндегі (қараша 2012 ж.), ғылым жөніндегі директордың орынбасарына дейін (қаңтар 2018 ж. - қазіргі уақытқа дейін) көтеріліп, қызмет атқарады.

ҚР БҒМ Экономика институтының ізденушісі ретінде 2006 жылы 08.00.01 - Экономикалық теория мамандығы бойынша экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады.

Мақсатты қаржыландыру бағдарламалары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттары және ҚР Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша орындалған Тақырыптық жоспар шеңберінде ғылыми-зерттеу жобаларын басқарып, табысты жүзеге асырды.

2007-2008 жылдары дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның және жас ғалымдардың ғылымды, технологиялар мен техниканы дамытудың басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуі үшін «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің қоры» қоғамдық қорының екі грантының иегері атанған.